

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 қаулысына өзгерістер енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 7 наурыздағы N 227 қаулысының күші жойылған деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 сәуір N 605 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен (P050124)

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "1997 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 қаулысының қосымшасына мынадай өзгеріс енгізілсін:

"1.2. Салық салу және бюджет саясаты" бөлімшесінің реттік нөмірі 7-жолдар а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

2. "Республиканың жергілікті бюджеттерін түзу мен атқару жөніндегі жұмыстың жай-күйіне кешенді тексерістер жүргізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 7 наурыздағы N 227 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 8, 89-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі